

Ақтөбе облысының әкімшілік аумақтық құрылысына бірқатар өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаты және облыс әкімінің кезектен тыс сессияда қабылдаған 1997 жылғы 30 мамыр N 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 1997 жылғы 29 желтоқсанда N 14 тіркелді

Облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысын тиімді ету, басқару органдарын қаржыландыруға кететін шығындарды азайту, қолда бар өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану және аймақтарды басқару мен олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жақсы жағдай туғызу мақсатында облыстық мәслихат және облыс әкімі шешім етті:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ақтөбе облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгертулер енгізу туралы ұсыныс жасау, атап айтқанда:

1. - Әйтеке би ауданын;

- Ақтөбе ауданын;

- Мұғалжар ауданын тарату.

(Түсініктеме жазба қосып берілген)

2. Шекараларын өзгерту;

- Ақтөбе қаласы аумағының құрамына Қарғалы және Благодарный ауылдық округтерінің, "Елек" өндірістік кооперативінің, Ақшат ауылының, Құршасай ауылының, Белогорка ауылының, бұрынғы "Новый" кеншарының, Сазды және Ақтөбе су қоймаларының, таратылатын Ақтөбе ауданының N 8 Өсімдік кеншарының қалаға жапсарлас бөлігінің аумақтарын енгізу;

- Мәртөк ауданының,оның құрамына "Бұлақ" өндірістік кооперативінің, таратылатын Ақтөбе ауданының "Хлебодаровка" және "Хазірет" акционерлік қоғамдарының аумақтарын енгізу;

- Ленин ауданының, таратылатын Ақтөбе ауданының Пацаев және "Тыңның 40 жылдығы" өндірістік кооперативінің аумақтарын енгізу;

- Алға ауданының, оның құрамына таратылатын Ақтөбе ауданының "Аққұдық" өндірістік кооперативінің аумағын (бұрынғы Ленин атындағы ұжымшар) және "Дәулет" өндірістік кооперативіне қарасты жердің бір бөлігін енгізу;

- Октябрь ауданының, оның аумағына таратылатын Мұғалжар ауданының аумағын қосу;

- Бөгеткөл ауданының, оның аумағына таратылатын Әйтеке би ауданының Бөгетсай және Тасөткел ауылдық округтерінен басқа аумағын қосу;

- Хромтау ауданының,оның құрамына таратылатын Әйтеке би ауданының Бөгетсай және Тасөткел ауылдық округтерінің аумақтарын енгізу.

Ескерту. Шешімнің орыс тіліндегі 2 тармақшасына өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1992 жылғы 30 маусымда шыққан "Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Заң күшінің экологиялық дағдарыс алдындағы аймаққа кіретін бұрынғы Мұғалжар ауданының тұрғындарына да сақталуы өтінілсін.

Облыстық Мәслихат
хатшысы

Облыс Әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК